



ОРАЛ «СЕРВИС» ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНІҢ БАСШЫСЫ ИСКАЛИЕВА АЙГҮЛ БИСЕНБАЙҚЫЗЫНЫҢ 2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ЕСЕБІ

Кадр әлеуеті. Орал «Сервис» технологиялық колледжінде 2021 жылдың 30 маусымында жалпы қызметкерлер саны-136. Оның ішінде: әкімшілік қызметкерлер-33, оқытушылар-39, өндірістік оқыту шеберлері-32, шаруашылық бөлімінде - 32.

2020-2021 оқу жылына жұмысқа қабылданған қызметкерлер саны - 9 адам (соның ішінде өндірістік оқыту шебері-1; қосымша -1; шаруашылық бөлімі-7).

2019-2020 оқу жылына жұмыстан шыққан қызметкерлер - 11 адам (соның ішінде әкімшілік- 1; қосымша-1; өндірістік оқыту шебері- 2; шаруашылық бөлімі-7).

Студенттер контингенті. 2020-2021 оқу жылында студенттерді қабылдау – 285 адамды құрады, оның ішінде:

- негізгі мектеп базасында – 205 адам;
- орта мектеп базасында – 75 адам;
- ақылы негізде:
 - оқу мерзімі 10 ай - 5 адам;
 - қайта қабылданғандар - 1 адам.

01.09.2020 оқу жылына студенттер контингенті – 687 адамды құрады, оның ішінде:

1. Жергілікті бюджет бойынша - 492 адам:

- 0506000 Шаштараз өнері және сәндік косметика – 175 адам:
 - 0506012 Шаштараз-модельер - 72 адам;
 - 0506063 Суретші-модельер (инклюзив) - 31 адам;
 - 0506063 Суретші-модельер - 72 адам;
- 0508000 Тамақтандыруды ұйымдастыру-150 адам:
 - 0508012 Аспаз - 50 адам;
 - 0508063 Технолог-менеджер - 100 адам;
- 1211000 Тігін өндірісі және киімдерді модельдеу – 167 адам:
 - 1211062 Тігінші - 47 адам;

- 1211062 Тігінші (инклюзив) – 29 адам;
- 1211093 Техник-технолог* - 91 адам.

2. «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы» жобасы бойынша -190 адам:

- 0506000 Шаштараз өнері және сәндік косметика – 93 адам;
- 1211000 Тігін өндірісі және киімдерді модельдеу – 75 адам.

3. Ақылы дайындық - 5 адам.

Оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізілді. Қазақ тілінде 378 студент білім алды, төмендегі мамандықтар бойынша контингенттің 55% құрады:

- «1211062 Тігінші»;
- «0508012 Аспаз»;
- «0506012 Шаштараз-модельер»;
- «0506063 Суретші-модельер».

Оқу жұмысы ҚР Білім министрлігі бекіткен типтік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жасақталған жұмыс бағдарламалары негізінде жүргізілді.

Теориялық және өндірістік оқыту бойынша барлық жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламалары толық орындалды.

2020-2021 оқу жылының қорытындысы бойынша 21 адам оқудан шығарылды, оның ішінде:

- академиялық демалыс-3 адам;
- басқа оқу орнына ауысқаны – 8 адам;
- басқа мемлекетке көшуіне байланысты – 1 адам;
- ҚР ҚК қызмет -1 адам;
- отбасы жағдайына байланысты – 8 адам;
- педагогикалық кеңестің шешімімен – 5 адам;

2020-2021 оқу жылының 1 жарты жылдығының қорытындысы бойынша қайта қабылданды – 3 адам.

Кәсіптер бойынша білім сапасы тексеру жұмыстары аралық аттестаттау жүргізумен ынталандырылады. Аралық аттестаттаудың қорытындысы бойынша 379 студент I-III курсқа көшірілді.

2020-2021 оқу жылындағы түлектер – 290 адамды құрады:

1. Жергілікті бюджет бойынша -185 адам:

- 0506012 Шаштараз – модельер – 72 адам;
- 0506063 Суретші-модельер – 9 адам;
- 0508012 Аспаз - 52 адам;
- 1211062 Арнайы тігінші - 52 адам.

2. "Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту" бағдарламасы бойынша - 100 адам:

- 0506012 Шаштараз – модельер – 12 адам;
- 0506063 Суретші-модельер – 20 адам;
- 0508012 Аспаз – 47 адам;
- 1211093 Техник-технолог – 21 адам;

3. Ақылы оқыту - 5 адам:

- 0506063 Суретші-модельер – 1 адам;
- 0506012 Шаштараз-модельер – 4 адам.

Оқу үрдісін ұйымдастыру. Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мемлекеттік стандарттары мен оқу бағдарламаларының талаптарын орындау, оқу үрдісін қамтамасыз ету және одан әрі жетілдіру, арнайы пән және жалпы орта білім беретін пән оқытушыларының өзіндік білімі мен біліктілігін көрсетіп, студенттердің жеке ерекшелігін, білім алу мүмкіндіктерін, денсаулық жағдайын есепке ала отырып, қызметтік-коммуникативтік негізді және адамгершілік – жеке тұлғалық бағдарда оқу-тәрбие үрдісі жүзеге асырылып келді.

Жұмыс оқу жоспары мемлекеттік жалпыға міндетті техникалық және кәсіптік білім беру стандарты (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына) 1211000 «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу», 0506000 «Шаштараз өнері және сәндік косметика», 0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспары мен оқу бағдарламасына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2017 жылғы 31 қазандағы №553 бұйрығына 265, 34, 22, 827 қосымшалары) және «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім үшін оқыту мерзімдері сәйкес жасақталды. Осы үлгілік оқу жұмыс жоспары бойынша 25 топ; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 15 маусымдағы №384 бұйрығы 40 қосымшасымен 7 топ; инклюзивтік (7) топта 59 студент білім алды.

2020-2021 оқу жылында жаратылыстану-математикалық бағытымен жаңартылған мазмұн бойынша жалпы білім беретін пәндер оқытылды. 0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша тереңдетілген оқыту деңгейіндегі пәндер: «Химия», «Биология», «География», бейіндік оқытудың осы бағытында стандарттық деңгейдегі таңдалған пән «Дүниежүзі тарихы»; 0506000 «Шаштараз өнері және сәндік косметика», 1211000 «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығы бойынша тереңдетілген оқыту деңгейіндегі пәндер: «Физика», «Химия», «Биология», бейіндік оқытудың осы бағытында стандарттық деңгейдегі таңдалған пән «Дүниежүзі тарихы».

Осы оқу жылында 46 оқытушы, оның ішінде штаттан тыс - екі оқытушы жылдық жүктемелері бойынша қызметтерін атқарды.

Ағымдағы жылдың колледж оқытушыларының жұмыс оқу жоспарлары мен күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары бекітілді.

Жаңа оқу жылын қашықтықта online форматта Smartnation платформасында бастады. Ең алдымен, барлық оқытушылар мен әкімшілік қызметкерлеріне онлайн курс ұйымдастырылып, оқу үрдісінің кестесі, жұмыс оқу жоспарлары, сабақ және факультатив кестесі, студенттердің топ бойынша тізімі енгізілді.

2020 – 2021 оқу жылы білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесін енгізу «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды

аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына (ҚР БҒМ 28.08.2020 ж. №373 бұйрығына сәйкес өзгерістермен) сәйкес жүргізілді.

Факультатив, қосымша сабақтар жүйесі арқылы сабақ және сабақтан тыс қызмет бірлігі қамтамасыз етілді.

Мемлекеттік стандартқа сай дуалды оқыту барысында 80 пайызға дейін үлгілік оқу жоспары мен оқу бағдарламасы өзгертілді.

Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру (бұдан әрі – ТЖКБ) ұйымдарында оқу процесін аяқтауға қатысты ТЖКБ ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бекітілген бұйрығына сәйкес жүзеге асырылды.

2020-2021 оқу жылын:

- 1-4 курс студенттері үшін оқуды штаттық режимде;
- 2-4 курс студенттері үшін оқуды аралас форматта (теориялық емтихандар – қашықтықтан, біліктілік емтиханы штаттық режимде) аяқтады.

штаттық режимде:

- жалпы білім беретін пәндер бойынша аралық аттестаттау: тіл, әдебиет, Қазақстан тарихы, математика және техникалық және кәсіптік;
- ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тұлғаларды аралық аттестаттау емтихандар және сынақтар нысанында өткізілді;
- білім алушыларды емтихан нысанында аралық аттестаттаудан өткізу үшін:
 - 1) емтихан билеттері (емтихандық бақылау тапсырмалары), тест тапсырмалары;
 - 2) емтихан кезінде пайдалануға рұқсат берілген көрнекі құралдар, анықтама сипатындағы материалдар;
 - 3) оқу және технологиялық карталар;
 - 4) емтихан ведомосы дайындалды.

Бөлім меңгерушілері өз істеріне жауапкершілікпен қарап, академиялық адалдық саясаты басшылыққа ала отырып студенттермен мәдениетті қарым-қатынас жасаулары, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандығының сақталуы, барша халықтың білімге қолжетімділігі, оның гуманистік және зайырлы сипаты, білім алушылардың сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі, көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы толық

ақпарат ұсыну, мемлекеттік қызметті алушы ұсынған құжаттардың мазмұны туралы ақпараттың қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметті алушы белгіленген мерзімде алмаған құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметтің уақытылы көрсетілуін қамтамасыз ету, әдептілік және сыпайылық, заңдылығы, жариялылығы, ашықтығы сияқты қағидаттарға негізделетіндігін ескертілді. Мемлекеттік қызметті көрсету сәйкес сапа және қолжетімділік көрсеткіштерімен өлшенетіндігі айтылды.

Студенттердің онлайн College.Smartnation платформасында сабақ үлгерімі мен үй тапсырмасын орындауы күн сайын мониторинг жүргізіліп бақылауға алынып, апта нәтижелері оқу бөлімінде қаралып отырады. Себепсіз көп сабақ жіберетін студенттердің топ жетекшілерімен, өндірістік шеберлерімен, ата –аналарымен, әлеуметтік педагог, жастар ісі жөніндегі инспектор, психологпен бірлескен жұмыстар жүргізілді. Себепсіз сабақ жіберетін 8 студентке әкімшілік тарапынан ескертулер беріліп, оқу бөлімі тарапынан бақылауға алынды.

Аралық аттестаттау нәтижесі бойынша - 33 озат, 355 екпінді, 4 студент қанағаттанарлықсыз өтті: үлгерімі - 99%, білім сапасы - 64%, орташа балы – 3,7.

0506000 «Шаштараз өнері және сәндік косметика» мамандығы: үлгерімі - 100%, білім сапасы – 66%, орташа балы – 3,6.

0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы: үлгерімі - 100%, білім сапасы - 61%, орташа балы – 3,7

1211000 «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығы бойынша: үлгерімі - 97%, білім сапасы – 66%, орташа балы – 3,6;

II жарты жылдық бойынша аралық аттестаттау бекітілген кесте бойынша өткізілді:

I курс штаттық режимінде, колледжде өтті – математика, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, Қазақстан тарихы;

II – III курстар – SmartNation платформасында – модульдік пәндер бойынша тестілеу өткізілді.

Қорытынды аттестаттау. Қорытынды аттестаттауға академиялық қарызы жоқ және ҚР БЖҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын толық көлемде меңгерген білім алушылар жіберілді

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар үшін қорытынды аттестаттау олардың денсаулық жағдайына теріс факторлардың әсерін болдырмайтын және білім алушылардың физиологиялық ерекшеліктері мен денсаулық жағдайына жауап беретін жағдайларда жүргізіледі.

«Арнайы тігінші» біліктілігі бойынша қорытынды аттестаттау орындалған іс-әрекеттерді түсіндіре отырып ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар үшін өндірістік оқыту бойынша практикалық жұмыс түрінде жүзеге асырылады.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберу білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен ресімделді.


Қорытынды аттестаттауды 290 студент, оның ішінде 13 үздік, 8 анықтамамен аяқтады.

Жұмысшы мамандықтар үшін қорытынды аттестаттаудың бір формасы – демоемтихан түрінде өткізу. 2021 жылдың 21 маусымында "Аспаз ісі" құзыреттілігі бойынша WorldSkills стандартына негізделген демонстрациялық емтихан өтті. №34, 15, 16, 28, 30 топтарынан 21 студент қатысты. Демоемтихан 3 модульді орындаумен өтті: 1-модуль. Сорпа – пюре; 2-модуль. Киев котлеттері; 3-модуль. Шоколад фонтаны. Студенттердің барлығы тапсырмаларды орындады. Эксперттер бағалау нәтижелерін CIS 95,34-тен 100-ге дейін жоғары балл алды.

2020 -2021 оқу жылының қорытынды аттестаттау нәтижесі

№	Мамандығы	Тобы	Қатысқаны	Орташа балы
1	0508000 "Тамақтандыруды ұйымдастыру"	16	21	4,5
		30	24	4,1
		28	24	
		15	22	4,4
2	0506000 "Шаштараз өнері және сәндік косметика"	18	5	3,4
		31	7	3,5
		22	23	4,8
		29	20	4,8
		23	24	4,6
3	1211000 "Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу"	2	22	4,1
		20	20	4,2
		32	19	4
		19	7	5

Мамандықтар бойынша оқу сапасы



Колледж бойынша оқу сапасы 61,1 % пайызды құрады.


Институционалды аккредиттеу. 2020-2021 оқу жылы 23 – 25 желтоқсан аралығында институционалды аккредиттеуден өттік. Институционалды аккредиттеу кезеңінде атқарған жұмысы үшін колледж басшылығына алғысын білдірген ВЭГ басшысы А.Х.Оралбаева колледждің

оң тәжірибесімен және төменде ИА стандарттары бойынша сипатталған ұсыныстармен таныстырды.

Орал «Сервис» технологиялық колледжі жалпы сипаттамаларымен, миссиясымен және бағыттарымен, соңғы жылдардағы жетістіктерімен және білім беру мекемесінің даму перспективаларымен ресми түрде танысуға мүмкіндік берді.

Сыртқы сапар бойынша жоспарланған іс-шаралар колледж құрылымымен, оның материалдық-техникалық базасымен, студенттер практикасының негіздерімен, оқу-тәрбие, әдістемелік және тәрбие жұмысымен, онлайн-сабақтармен және тәжірибелермен (оффлайн) егжей-тегжейлі танысуға ықпал етті. Оқытушылармен, студенттермен, түлектермен және жұмыс берушілермен жүргізілген сұхбат сыртқы сарапшыларға өзін-өзі бағалау туралы есеп деректерінің колледждегі жағдайға және институционалдық аккредиттеудің барлық өлшемдеріне сәйкестігін тәуелсіз бағалауға мүмкіндік берді.

Онлайн сабақтарға қатысу оқытушылардың интерактивті оқыту әдістерін білетіндігін және қолданатынын, сабақтарында мультимедиялық тақталарды, инновациялық технологияларды қолданатындығын көрсетті





Дуалды оқыту. 2020-2021 оқу жылы 75 студент дуалдық оқытумен даярланды, қаланың базалық кәсіпорындарында тәжірибеден өтті. "Тамақтандыруды ұйымдастыру" мамандығы бойынша "Soho" кешені, "Шаштараз өнері және сәндік косметика" мамандығы бойынша «Хеопс», «Verenice» және «Ақұштап Құспан» сияқты сұлулық салондарымен дуалды оқыту бойынша шарттар жасалды.

Студенттердің өндірістік практикасы болашақ маманның кәсіби қызметінің аналогы болып табылады: ол мәдени – демалыс саласының мазмұны мен құрылымына сәйкес келеді, біздің оқу орнымыздың нақты жағдайларында ұйымдастырылады, қарым-қатынас пен функциялардың алуан түрлілігімен сипатталады, сондықтан колледж түлектерінің жалпы мәдени және кәсіби білім, білік, дағды және құзыреттіліктің жүйелі қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Өндірістік тәжірибе өндірістік оқыту туралы нормативтік құжаттарға сәйкес ұйымдастырылған және оқу шеберханаларында, сондай-ақ қала мен

облыс кәсіпорындарында төмендегі мамандықтар бойынша 3-4 курс студенттері үшін өткен:

-0506000 Шаштараз өнері және сәндік косметика.

-0508000 Тамақтандыруды ұйымдастыру.

-1211000 Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу.

2021 жылғы 12 ақпанда индустриялық кеңестің отырысы өтті, онда кәсіпорындар (әлеуметтік серіктестер) мен колледж арасындағы ынтымақтастық, сондай-ақ түлектерді жұмысқа орналастыру мәселелері қозғалды. Отырыста индустриялық кеңестің төрағасы болып "Диана" Орал тігін фабрикасы" ЖШС директоры Асылхан Амангелдіұлы Урынбеков сайланды.

Әлеуметтік серіктестермен жұмыс.

Колледждің кәсіпорындармен ынтымақтастығы белгілі бір әлеуметтік-кәсіби сипаттамаларға ие білікті мамандарды даярлау сапасын жақсартуға ықпал етеді. 2020-2021 оқу жылында 12 әлеуметтік серіктеспен өндірістік тәжірибе өткізу бойынша меморандумдар мен шарттар жасалды:

0506000 Шаштараз өнері және сәндік косметика:

1. "Еролеева Л.А." ЖК.

0508000 Тамақтандыруды ұйымдастыру:

2. "Жұлдыз" мейрамханасы.

3. "ARNAU" кафе-асханасы.

4. Гастробар "GRAND" ("Туревский Эдуард Эдуардович" ЖК).

5. "Аймагамбетова А. А." ЖК.

1211000 Тігін өндірісі және киімді үлгілеу:

6. "Надежда "Орал тігін-трикотаж фабрикасы" ЖШС.

7. "Орал оқу-өндірістік кәсіпорны" мекемесі.

8. "Қазақ саңыраулар қоғамы" қоғамдық бірлестігі.

9. "Аяз" ЖШС.

02120200 Киім дизайны:

10. "Қазақ соқырлар қоғамының орал оқу - өндірістік кәсіпорны" ЖШС.

11. "Диана "Орал тігін фабрикасы" ЖШС.

12. "Айна Халық" ательесі.

Сондай-ақ, жұмысшы мамандығын зерделеуге ынталандыру мақсатында әлеуметтік серіктестерді тарта отырып, барлық мамандықтар бойынша кәсіби шеберлік конкурстары өткізілді. Өндірістік оқыту шеберлері оқытушылармен бірлесіп, түлектерді жұмысқа орналастыру мақсатында қызмет көрсету саласындағы кәсіпорындарға: шаштараздар салондарына, дәмханалар мен мейрамханаларға, ательелерге бірнеше рет барды. Шығару алдындағы өндірістік практикадан өту кезінде түлектердің бір бөлігі осы кәсіпорынның жұмыс орындарында қалады.

"Жас маман" жобасы. Орал «Сервис» технологиялық колледжі 2021 жылы «Жас маман» жобасы шеңберінде «Аспаз» және «Тігінші» кәсіптері бойынша құрал-жабдықтарды жаңғырту бағытында жұмыстанды. «Тігін өндірісі және киімді үлгілеу» және «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандықтары бойынша колледждің материалдық-техникалық базасын

жарақтандыру әр мамандыққа 2 лот бойынша бөлінді және Мемлекеттік сатып алу сайтында ашық әдіспен ойнатылды. "Казинтерсервис" фирмасы ЖШС, "GROUP-2" ЖШС. "EXwelding" және "State Trade & Protect" ЖШС компаниялары конкурса өтінім беріп, техникалық ерекшелікке сәйкес өз ұсынымдарын жіберді. Жұмыс тобы ұсынымдарды техникалық сипаттамалармен салыстыра отырып, сәйкес келетінін таңдайды.

WorldSkills чемпионаты. WorldSkills - бұл жұмысшы мамандықтарын танымал ететін және бүкіл әлемде кәсіби даярлық стандарттарын арттыратын халықаралық қозғалыс. Оның мақсаты колледж студенттерінің мәртебесін және кәсіби даярлығын арттыру, өңірлік және халықаралық жарыстарға дайындалу және қатысу арқылы жұмысшы мамандықтарын танымал ету болып табылады. Орал "Сервис" технологиялық колледжі бұл үдеріске белсенді қосылды.

2021 жылғы 7-9 сәуір аралығында колледжішілік *"WorldSkills UTKS-2021"* чемпионаты 3 құзыреттілік бойынша өтті.

1. «Сән технологиясы»;
2. «Аспаз ісі»;
3. «Шаштараз өнері».

"Сән технологиясы" құзыреттілігі бойынша бітіруші топтардың студенттері қатысып, 3 модуль орындады. Чемпионат қорытындысы бойынша:

- 1 орын - Мырзагереева Гүлжанат (№32 топ, 4 курс).
- 2 орын - Қажымова Ляззат (№32 топ, 4 курс).
- 3 орын - Далуова Айым (№ 20 топ, 3 курс).

"Аспаз ісі" құзыреттілігі бойынша студенттер 3 модульді орындады, барлық қатысушылар тапсырмаларды орындады:

- 1 орын - Ермуханова Данара (№ 30 топ, 1 курс).
- 2 орын - Долбленова Мария (№ 28 топ, 1 курс).
- 3 орын - Азаматов Султан (№15 топ, 3 курс).

"Шаштараз өнері" құзыреттілігі бойынша чемпионат қатысушылары 4 модуль орындады:

- 1 орын – Ермек Дильназ (2020ж. түлегі).
- 2 орын- Гранкина Тамара (№23 топ, 3 курс).
- 3 орын-Мажитова Снежана (№22 топ, 3 курс).

2021 жылдың 10-18 маусым аралығында өткен *"WorldSkills ORAL-2021"* облыстық чемпионатында облыс колледждері студенттерінің арасында:

"Шаштараз өнері" құзыреттілігі бойынша:

- 1 орын-Гранкина Тамара (№23 топ, 3 курс).
- 2 орын – Ермек Дильназ (2020ж. түлегі).
- 3 орын-Мажитова Снежана (№22 топ, 3 курс).

"Аспаз ісі" құзыреті бойынша:

- 2 орын-Ермуханова Данара (№ 30 топ, 1 курс).

"Кондитерлік іс" құзыреттілігі бойынша:

- 2 орын-Шадьярова Аружан (№15 топ, 3 курс).

"Сән технологиясы" құзыреттілігі бойынша:

- 1 орын-Далуова Айым (№ 20 топ, 3 курс).
- 2 орын-Мырзагереева Гүлжанат (№32 топ, 4 курс).
- 3 орын-Қаджымова Ляззат(№32 топ, 4 курс).

"Сән технологиясы" құзыреттілігі бойынша "Junior Skills - 2021" чемпионатын дайындау және өткізу 2021 жылғы 10 маусымда жүргізілді. Оған 5 оқушы қатысты. Олар үш модульді орындады: "Эскиздеу", "Әйелдердің жейдесін макеттеу" және "Әйелдердің белдемшесін дайындау". , Орындауға әр модуль үшін белгілі бір уақыт бөлінді.

"Шаштараз өнері" құзыреттілігі бойынша 6 қатысушы болды, үш модуль болды: "Әйелдерге арналған сәнді жиналған шаш үлгісі", "Әйелдерге арналған шаш қию үлгісі" және "Голливуд" стиліндегі шаш үлгісі", сондай-ақ әрбір модуль үшін өз орындау уақыты бөлінді. Барлық қатысушылар тапсырманың әр модулін орындай отырып, жақсы нәтижелер көрсетті.

"Сән технологиясы" құзыреттілігі бойынша чемпионат қорытындысы:

- 1 орын-Абаева Мадина (№5 ЖОББМ).
- 2 орын-Алтайқызы Ұлмекен (№46 ЖОББМ).
- 3 орын - Сәбит Әсел (№46 ЖОББМ).
- 4 орын-Нағым Нұрхализа (№41 ЖОББМ).
- 5 орын - Мендихан Шұғыла (№46 ЖОББМ).

"Шаштараз өнері" құзыреттілігі бойынша:

- 1 орын - Ахметова Назерке (Круглоозерное ЖОББМ).
- 2 орын - Мағутова Альбина (№24 ЖОББМ).
- 3 орын-Шайдолла Нұрайым (№4 ЖОББМ).
- 4 орын-Карекесова Хадиша (№5 ЖОББМ).
- 5 орын - Жетпісқалиева Мерей (Круглоозерное ЖОББМ).
- 6 орын-Салмина Марина (№23 ЖОББМ).

2021 жылғы 12 наурызда Қазақстан колледждері арасындағы Aspara Fashion Week жас дизайнерлердің Ньюфольклор бағытындағы 1 ұлттық конкурсына біздің түлегіміз Гүлфат Қарабалина қатысып, қатысқан 51 қатысушының ішіндегі 12 үздіктердің қатарына еніп, «Үздік колледж туралы видео» номинациясын иеленіп, Ташкент қаласындағы (Өзбекстан) халықаралық сән көрсетіліміне қатысуға шақырту алды.

Студенттердің әлеуметтік паспорты

Жалпы студенттер саны	687
Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттер саны	20
Анасы қайтыс болған студенттер саны	23
Толық емес отбасы студенттер саны	187
Мүмкіндігі шектеулі мүгедек студенттер саны	50
Орамал тағатын (намаз оқитын) студенттер саны	7
Колледж бойынша тегін ыстық тамақпен қамтылған студенттер саны	512
Аз қамтылған жанұядағы студенттер саны	243
Көп балалы отбасы студенттер саны	137

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 бұйрығы бойынша әлеуметтік көмек алуға құқығы бар оқушылардың барлығы мектеп кітапханасының кітаптар қорынан оқулықтармен қамтамасыз етілді.

Осыған қоса, колледжіміздегі (жетім) қамқорлықтағы балалар күніне 3 рет , аз қамтылған немесе көп балалы отбасынан шыққан оқушылар күніне –1 рет тамақпен қамтылады.

Студенттердің құжаттары тексеріліп, көп балалы отбасының балалары анықталып, 2-ші оқу жартыжылдығына әлеуметтік құжаттары қайта қаралып толтырылды. Тәрбие бөлімі, бөлім меңгерушісі және әлеуметтік педагог бірігіп, топтың әлеуметтік паспорты жасақталды.

Колледжде мүмкіндіктері шектеулі білім алушыларға білім алуға тең қолжетімді жағдай жасалған.

Жетім студенттер кураторлар мен шеберлердің, әлеуметтік педагог пен психологтың бақылауында. Олармен психологиялық тренингтер, әңгімелесу жүргізіледі. Қоғамдық жұмыстарға, байқауларға қатысатын, үздік білім алушыларға материалдық үстемелеулер қарастырылған. Емтихан сессиясы қорытындысы бойынша үздік және екпінді білім алушылар степендияға тағайындалады, ауылдық жерде тұратындарға жылына 2 рет жол ақылары төленеді.

Ыстық тамақтануға колледжде 1316 ш.м. 120 орындыққа арналған асхана бар. Асхана барлық талаптарға сәйкес жабдықталған. Қазіргі таңда карантинге байланысты құрғақ тамақ, тамақ ақшалай беріледі.

Колледжде түлектерге арналған нарық қажеттілігін анықтайтын, ақпараттық және консультациялық қолдау көрсететін, түлектерді жұмысқа орналастыру қызметі жұмыс жасайды, түлектерге қызмет көрсететін орталық жыл бойы БҚО кәсіпкерлер Палатасымен, облыстық жұмыспен қамту орталығымен тығыз байланыста келеді.

Қыркүйек айында қашықтан оқуға байланысты әлеуметтік дәрежесі төмен студенттерге колледж қорынан 30 компьютер, 30 ноутбук 1 ұялы телефон берілген болатын. Сонымен қатар, қыркүйек-қазан айлары бейімделу уақыты болып есептелінгендіктен I курс студенттері онлайн жүріс-тұрысы, бос уақытын қалай өткізетінін, бір-бірімен қарым-қатынастарын бақылау жұмыстары жүргізілді. Қалада тұратын студенттердің отбасылық акттері жасалды.

Қараша айында «Қайырылымдылық аптасы» аясында аз қамтылған және көп балалы отбасы студенттеріне киім –кешек және азық түлік таратылып берілді. Қараша айында аз қамтылған, көп балалы отбасы, инклюзивтік топ студенттерінің отбасы тексеру актісі мен жұмыс жүргізілді.

Жыл бойы аз қамтылған, көп балалы, қамқорлығынсыз қалған студенттердің ата-аналары, қамқоршыларымен тығыз байланыс орнатылды. Онлайн, ZOOM платформасында вебинарлар, кездесулер оздырылды.

Тәрбие жұмысы. Колледждің тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сай құрылған жылдық жоспары бойынша жүзеге асырылды.

Колледж тәрбие жұмысы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие концепциясынмен ұйымдастырылып және ҚР Конституциясын, ҚР «Білім

туралы» Заңын, «Мемлекеттік жастар саясаты концепциясын», «Бала құқығын қорғау конвенциясын», «Жастар саясаты туралы» ҚР Заңы, ҚР Елбасының Президентінің Жолдауын және басқа да нормативтік-құқықтық құжаттарды басшылыққа алады, қазақстандық патриотизм, азаматтылықты, толеранттылықты, рухани-адамгершілік, дені сау, әлеуметтік белсенді адамды қалыптастыруға бағытталады.

Тәрбие жұмысының жылдық жоспарына сәйкес педагогикалық ұжым 2020-2021 оқу жылында келесі міндеттерді шешу бағытында жұмыстанды:

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбие
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
7. Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру

Оқу жылының басында әр топқа бекітілген топ жетекшілері 1 курс студенттерін Ішкі тәртіп ережелерімен таныстырды.

Тәрбие жұмысын жетілдіру мәселелері педагогикалық және әдістемелік кеңесте, топ жетекшілері әдістемелік бірлестігі отырыстарында, өндірістік оқыту шеберлері және топ жетекшілердің пәндік бірлестік комиссия отырыстарында қарастырылады.

Студенттермен жұмысты ұйымдастыру және өткізу үшін колледжде қажетті оқу-материалдық база жасақталған: акт залы, спорт зал, спорт алаңы, жаттығу құралдары, пәндік үйірмелердің қызмет етуіне арналған орынжайлар, компьютерлік техникамен жабдықталған кітапхана, оқу бөлмелері, заманауи жатақхана.

2020-2021 оқу жылдығында ұйымдастырған тәрбие үдерісі тәрбие жұмысының барлық бағыттары бойынша онлайн, офлайн, ZOOM, WhatsApp арқылы жұмыс жүргізілді.

Екі айда бір рет кураторлар кеңесі отырыстары өтеді. Отырыстарда қаралатын мәселелер: үлгерім, ата-аналармен жұмыс ұйымдастыру, студенттік кеңестер жұмысы, әлеуметтік серіктестермен жұмыс, т.б шаралар.

Топ жетекшілердің есептері педагогикалық кеңес отырыстарында, кураторлар отырыстарында, ата-аналар кеңесі отырыстарында қаралаып, шешім қабылданады.

Дәстүрлі түрде жас топ кураторларымен жұмыс жүргізіледі. Жас кураторлар ашық тәрбие сағаттарына, шараларға қатысады, тәлімгерлері құжаттармен жұмыстануды үйретеді.



Студенттер арасында *салауатты өмір салты* дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтауды білу үшін кеңістік құру мақсатында колледжде қарқынды жұмыстар жүргізілуде.

2020-2021 оқу жылында дәстүрлі «Дені саудың - жаны сау» денсаулық фестивалі онлайн түрде ұйымдастырылды. Оқу топтарының арасында «Дені саудың-жаны сау» бейнероликтер байқауы өтті. Дене тәрбиесі оқытушылары «Үздік дене шынықтыру түрлері» роликтерін инстаграм, фейсбук парақшаларына жариялады.

Қалалық №4 емханадан, Батыс Қазақстан облыстық наркологиялық диспансерден, облыстық СПИД орталығынан және Батыс Қазақстан

облыстық туберкулездік диспансерден мамандары қатысуымен І-ІІІ курс студенттеріне онлайн дәрістер оқылды.

Қазіргі таңда Қазақстанда үкіметтік ұйымдардың иммунитет тапшылығы вирусы ауруының алдын алу шаралары бойынша белсенді түрде жұмыстар жүргізілуде. Топ жетекшілері оқу жылының басынан бастап ЖҚТБ –ның алдын алу мәселесі жөнінде дәріс түрінде тәрбие сағаттарын, COVID-19 ауруы туралы жүйелі түрде өткізіп келеді.

2020 жылдың 24 қазан күні облыстық СПИД орталығы өкілдерінің қатысуымен «СПИД-XXI ғасыр дерті» тақырыбында онлайн денсаулық сабағы оздырылды. Денсаулық сабағы аясында студенттер арасында сауалнама жүргізілді, ақпараттық білім беру материалдары таратылды.

«Біз-салауатты өмір салтын қолдаймыз» тақырыбында №4 қалалық емхана қызметкерлерімен онлайн кездесу өтті. Сонымен қатар №4 емхана салауатты өмір қалыптастыру кабинеті қызметкерлері қатысуымен «Мен денсаулықты тандаймын!» суреттер байқауы оздырылды. Мақсаты-салауатты өмір аясында денсаулық, дұрыс тамақтануды қалыптастыру.

БҚИК, ЖАТК, ОАТК арасында волейболдан, баскетболдан жолдастық кездесулер өтті. Мақсаты жолдастық орта орнату, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Колледж студенттері мен қызметкерлерінен жасақталған волейбол командасы облыстық жарыстарда үнемі жеңімпаз атанады.

Тұңғыш Президент күні ұарсанында колледж дойбы, тоғызқұмалақ үйірмелері облыстық онлайн жарыстарға қатысты.

Наурыз айында «Спорт және шеберлік күні» шарасы оздырылды. Шара мақсаты спорттық орта құру. Дене тәрбиесі ПӘБ жетекшісі З.И.Бишаев барлық спорттық секциялардың шеруін өткізді.

Колледж жанында орналасқан жатақхана тазалығы мен жатақхана тұрғындарының денсаулық жағдайы да үнемі тексеріліп, алғашқы медициналық жәрдем көрсетілді.

Пандемия кезінде коронавирустық инфекциясы таралуының алдын алу мақсатында колледж психологы А.Н.Калиева ата-аналар мен білім алушыларға арналған онлайн кеңес берді. Сонымен қатар «Ата-аналар балаға қашықтықтан оқыту кезінде қандай көмек бере алады?» тақырыбында бейнежазба кеңес ретінде ватсап арқылы жолданды. Студенттер мен ата-аналарға арналған бейнежазба жадынама таратылды. Колледж студенттері «Біз біргеміз» челленджін қолдап, фейсбук, инстаграмға бейнежазбалар орнатты.

Студенттерге арналған жаттығулар бейнематериал ретінде жіберілді.

Колледж медбикесі Бикжанова Г.С «COVID – 19 инфекциясын алдын алу» атты тікелей эфир арқылы дәріс жүргізді. Студенттерге арналған «Сенім - менің серігім!» онлайн тренинг слайд ретінде көрсетілді. Педагогтарға арналған тест «Қарым-қатынасқа түсудің деңгейін бағалау» (В.Ф.Ряховский) таратылды. Студенттер, ана-аналарға үнемі жеке онлайн кеңес беріледі.

2020-2021оқу жылының І ж\ж қажетті онлайн медициналық көмек көрсетіліп, емдеу-сауықтыру жұмыстары жүргізілді.

Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру мақсатында колледжде көптеген секциялар жұмыстанады. Ағымдағы оқу жылында секциялар жұмыстары онлайн түрде өтті. БҚО спорт дамыту орталығының ұйымдастыруымен Тұңғыш Президент күніне орай тоғызқұмалақ, дойбы ойындарынан жарыстар өтті. Жарысқа секция мүшелері М.К.Шаянованың басқаруымен қатысты. Қатысушылар алғысхаттармен марапатталды.

Санитарлық нормалар сақталуын қадағалаумен волейбол, баскетбол, туризм секциялары жұмыстанып келеді. колледж ұжымы арасында онлайн «Денсаулық күні» өтті. Студенттер арасында «Шымыр бол!» челленджи онлайн түрде бейнежазбаға жазылып, облыстың басқа колледждеріне ұсынылды.

Қорытындылай келе, үстіміздегі оқу жылында жылдық тәрбие жоспарына сәйкес колледжде барлық қоғамдық, тәрбиелік іс-шаралар уақытылы өткізілді. Әр топ жетекшісі студенттердің күнделікті сабаққа қатысы мен тәртібін, оқу үлгірімін үнемі қатаң қадағалады. Күндізгі оқу бөлімінің I-IV курс студенттерінің топ жетекшілері оқу жылының басында өзіне бекітілген топтың студенттерімен жұмыс барысында ата-аналармен жиі хабарласып, әсіресе кәмелеттік жасқа толмаған білім алушылардың тәртібі үнемі назарда ұсталды.

БҚО ББ 2020 жылдың 31.12. №736 бұйрығына сәйкес 05.02.2021 ж Орал «Сервис» технологиялық колледжінде қамқоршылық кеңесінің алғашқы отырысы өткізілді. Кеңес кеңес отырысына сайланған 9 адам қатысты: Урынбеков Асылхан Амангельдиевич -Орал «Диана»тігін фабрикасы директоры, Алипбаева Динара Нурлановна -«Алипбаева Д.Н.»ЖК «Friends» директоры, Қабжан Қазыбек Құттымұратұлы- «Орал өңірі» газетасы журналисі, Муштанова Гульбаршын Максотовна-«Жайық таңы» ҚБ басшысы, Рашидов Аскар Рашидович- БҚО Орал қалалық ІІБ аға лейтенанты, Коробкова Елена Викторовна- «Тігін өндіріс және киімдерді үлгілеу» мамандығының №3 топ студентінің ата-анасы, Наурзалиева Галия Хамидулловна- «Шаштараз өнері және сәндік косметика» мамандығының №25 топ студенті ата-анасы, Мухамбеткалиева Айнагуль Баянғалиевна - «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» №24 топ ата-анасы, Губатенко Любовь Владимировна -«Тамақтандыруды ұйымдастыру» №27 топ ата-анасы, Аромика Трейд ЖШС қызметкері. Отырыста 2021-2022 оқу жылына мамандықтар бойынша мемлекеттік тапсырыс жоспарлау, «Жас маман» мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуы, т.б сұрақтар қарастырылды. Кеңес төрағасы болып бірауыздан Орал «Диана»тігін фабрикасы директоры Урынбеков Асылхан Амангельдиевич тағайындалды.

Колледжде үш бойы адал қызмет еткен қамқоршылық кеңес мүшелеріне колледж басшысы Искалиева А.Б. алғыс білдіріп, жаңа құрамға сәттілік білдірді.



2021 жылдың 28 маусым күні Орал «Сервис» технологиялық колледжінде қамқоршылық кеңесінің қорытынды отырысы өтті. Кеңес күн тәртібінде колледж ұжымы жұмысының қорытындысы талқыланды, келесі 2021-2022 оқу жылына жоспар құрылды. Кеңес мүшелері ой –пікірлерімен бөлісті.

Студенттердің шығармашылық қабілетін дамыту мен полимәдениетті тұлғаны қалыптастыру мақсатында колледжде әр түрлі үйірмелер мен клубтар жоспарлы әрі мақсатты түрде жұмыс жүргізуде. Колледж 29 клуб, үйірмелерінде 500-ден астам білім алушылар тәрбиеленеді. Клубтар мен үйірмелер жұмыстары студенттерге танымдық- патриоттық тәрбие беруде, олардың шығармашылық қабілеттерін арттыруда, мамандықтарына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеуде маңызды орын алады. Бұл барлық студенттердің 85% құрайды.

Клубтар, үйірмелер, спорттық секцияларда жеке тұлға және кәсіби дағдыларды қалыптастыруда жоспарлы және мақсатты жұмыс жүргізіледі:

- | | |
|-----------------------------|---------------------|
| «Абай әлемі» | «Мәңгілік ел» |
| «Сырғалым» | «Макияж сән үлгісі» |
| «Ауызша ағылшын» | «Маникюр» |
| «Литературный салон» | «Информатика әлемі» |
| «Ерлер шаш қию үлгілері» | |
| «Тұздықтар» | |
| «Ұлттық тағамдар» | |
| «Қолданбалы өнер» | |
| «Қазақ ұлттық өнері» | |
| «Жас кәсіпкер» | |
| «Жас ұрпақ» | |
| Вокалды топ | |
| «Шапағат» волонтерлер клубы | |
| Хореографиялық топ | |
| Сән театры | |
| «Жас психолог» | |
| «Жас социолог» | |
| «Алғашқы медициналық көмек» | |

Спорттық секциялар:

1. Волейбол
2. Үстел ойындары
3. Туризм
4. Баскетбол
5. Үстел теннисі
6. «Жас сарбаз»

Клубтар мен үйірмелер жұмыстары студенттерге танымдық-патриоттық тәрбие беруде, олардың шығармашылық қабілеттерін арттыруда, мамандықтарына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеуде маңызды орын алады.

Жастар комитеті. Жастар ісі комитетіне өзін өзі басқару, жатақхана студенттік кеңесі, «Шапағат» еріктілер клубы кіреді. Комитет мүшелері облыстық, қалалық, колледжішілік шараларға белсене қатысады. Өзін өзі басқару кеңесін студенттік кеңес төрағасы, оның орынбасары, мамандықтар, топтар бойынша көшбасшылары құрайды.

Комитет мүшелері қала әкімі жанындағы ішкі істер саясаты, БҚО «Жастар Ассоциациясы», БҚО «Жастар ісі бөлімі» ішкі саясат департаменті, жастар қоғамдық бірлестіктермен, мәдени орталықтармен, Ж.Молдағалиев атындағы ғылыми-әмбебап кітапханасы және Х.Есенжанов атындағы балалар мен жасөспірімдер кітапханасымен тығыз байланыста. Дәстүрлі түрде I курс студенттерінің колледжге тез бейімделулеріне орай «Алло, таланттыларды іздейміз!» байқауы, I-III курс араларында «Жаңа жыл», «Студенттік life» мерекелері, «Таза сессия», «Қайырымдылық сыйла!», «Твори добро», «Таза аула», «Колледж тазалығы- қала тазалығы», «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына - 30 жеміс ағаштарын отырғыз!», «Айналанды тазала!», «Ардагерге көмек», Ақсай қаласы тұрғыны сәби Эмир Шахмаровтың денсаулығына байланысты операцияға арналған акциялар жүргізілді.

«Шапағат» еріктілер клубы мүшелері облыстық еріктілер ЖҚТ-ға қарсы күрес байқауында III орын алды.

Жыл сайын студенттердің білім беру сапасына, тұлғалық дамуына, тәрбиеге қанағаттылықтарын анықтау сауалнамалары жүргізіледі. Сауалнама қорытындысы педагогикалық кеңесте, кураторлар отырыстарында, жастар ісі комитеті отырыстарында қаралады және шешім қабылданады.

Үздік және белсенді студенттердің ата-аналарына алғыс хаттар жолдады.

«Шапағат» клубының еріктілері Ұлы Жеңіс мерекесіне орай жатақхана тұрғындары арасында «Атама хат» бейнеролик түсірілімін ұйымдастырды, инстаграм желісіне таратты. «Ардагерге көмек» акциясы барысында колледж ардагерлері В.Я.Коблова, В.Леонтьевке, Т.С.Айтмағанбетоваларға сыйлықтар табыс етті, бау-бақшаларына көмек көрсетті.

№4 кітапханаға қызметкерлерімен бірігіп Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған репортаж түсірілді. Колледж ұжымы мен студенттер арасында Ақсай қаласы тұрғыны Әмір Шахмаровтың денсаулығына байланысты қаражат жинау қайырымдылық шарасы қйымдастырылды.

Еріктілер ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай тәуелсіздік құрдастарымен онлайн кездесу өткізді. Түлектер өздерінің жетістіктерімен бөлісті. 2020-2021 оқу жылына талапкерлермен кездесу барысында облыстық рухани жаңғыру мұражайында мектеп түлектерімен кездесу өтті. №20,21,7,25 ЖББОМ түлектерімен кездесуді еріктілер ұйымдастырды.

Қазақ халқының көне мерекелерінің бірі-көрісу айт мерекесіне орай еріктілер колледж қызметкерлері мен жатақхана тұрғындарына тәттілер үлестірді.

Жатақхана. Колледж жатақханасы колледж ережесіне сәйкес жыл басында бекітілген жоспар бойынша жұмыстанады. Жатақханадағы орын саны - 300. Жатақханада тұру, өз бетімен жұмыс істеу және демалуға қажетті жағдайлар жасалған. Жатақханадағы орындар студенттердің берген өтініштері бойынша комиссия шешімімен тамыз айында бөлінеді.

2020-2021 оқу жылында карантинге байланысты әр бөлмеде бір студенттен орналасты. Бөлмелер қашықтан оқу үшін интернет қосылған компьютерлермен жабдықталған.

Колледждің 60- жылдығына орай «Педагог аллеясын» жасақтауда үлкен жұмыс жасалды. Студенттер колледж әкімшілігімен бірігіп колледж аумағында жеміс ағаштарын отырғызды.

Жатақхана тұрғындарының денсаулығын нығайту мақсатында колледж медбикесі Бижанова Г.С. үнемі тұрғындардың тынысын, температурасын тексереді, ағарту жұмыстарын жүргізеді. Халықаралық ЖҚТБ күніне орай облыстық тері жұқпалы аурулары деспансері мамандарымен ЖҚТБ алдын алу бойынша семинар өтті. Семинарға ЖҚТБ орталығынан қатысқан маман Умбетова Г.А. студенттердің сұрақтарына жауап берді. Колледж медбикесі Г.С.Бижанова мен үйірме мүшелері елді қаптаған дертке байланысты «COVID-2019» сақтану жолдары» атты жаднамалар таратылды.

Оқу – әдістемелік жұмысы. Колледждің оқу-әдістемелік жұмысының мақсаты: ғылыми зерттеу және әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру арқылы колледждің оқу үдерісінің кәсіби құзыреттілігін дамытуға жағдай жасау. Оқу-әдістемелік жұмысының негізгі тақырыбы - жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларды интеграциялау арқылы кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру.

Оқытушылар құрамының саны (соңғы 3 жылдағы)

Р/н	Оқу жылдары	Оқытушылардың жалпы саны	Оның ішінде штаттық құрамдағы	Оның ішінде қоса атқаратындар (%)
1	2018-2019	74	73(98,6%)	1(2,4%)
2	2019-2020	73	72(98,6%)	1(2,4%)
3	2020-2021	74	71(95,9%)	3(7,1%)

2020-2021 оқу жылында 74 педагог-қызметкер жұмыс жасады, олардың 71-95,9 пайызы штаттық кесте бойынша, оның ішінде 39 - оқытушы, 32 - өндірістік оқыту шебері, олардың 25-жоғары санатты, 11- бірінші санатты, 7- екінші санатты, 15-санаты жоқ, 1-педагог-шебер,9-педагог-зерттеуші, 3- педагог-сарапшы, 1-магистр кадрлардың сапалық құрамы 62,1 % құрайды.Талдау бойынша оқытушылар құрамы мен штаттық жұмысшылардың санының тұрақты екенін көріп отырмыз.

3 жылда қабылданған жас мамандар көрсеткіші (соңғы 3 жылдағы)


№	Оқу жылы	Барлығы	Орта жасы
1	2018-2019	4	25
2	2019-2020	3	21
3	2020-2021	4	22

Педагогтердің сапалық құрамы (соңғы 3 жылдағы)

Оқу жылдары	Жоғары санат	1-санат	Магистрлер	Барлығы	Сапа пайызы
2018-2019	26/26	22/22	3/3	74	64,8
2019-2020	26/26	22/22	3/3	73	65,7
2020-2021	28/28	18/18	4/4	74	62,1

Кәсіби құзыреттілікті арттыру үшін біліктілікті арттыру курстарына көп көңіл бөлініп отыр. Өз білімін жетілдіретін оқытушылардың соңғы 2 жылда өсу динамикасы байқалады. Жалпы білім беретін пәндердің оқытушылары жаңартылған білім мазмұны бойынша өз пәндерінен біліктілікті арттыру курстарынан толықтай өтті. 2020 – 2021 оқу жылы ішіндегі педагогикалық технологиялар бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтардың үлесі – 100 пайызды құрады. (271 педагогтар мен өндірістік оқыту шеберлері), оның ішінде «Talar» коммерциялық емес акционерлік қоғамы ұйымдастырылған курстар бойынша – 138 педагог өтті;

2020-2021 оқу жылындағы біліктілік арттыру курстарынан өту көрсеткіші



- «Talar» коммерциялық емес акционерлік қоғамы. Оқу-тренингтік орталығы
- «Talar» коммерциялық емес акционерлік қоғамы. Оқу-тренингтік орталығы
- «Talar» коммерциялық емес акционерлік қоғамы. Оқу-тренингтік орталығы
- «WorldSkills стандарттары бойынша аймақтық чемпионаттарды ұйымдастыру және өткізу процесінің негізгі апектілері»
- «Talar» коммерциялық емес акционерлік қоғамы. Оқу-тренингтік орталығы
- «Talar» коммерциялық емес акционерлік қоғамы. Оқу-тренингтік орталығы
- Senter of Excellence NIS



2020 – 2021 оқу жылында колледж басшысы А.Б.Искалиева «екінші» біліктілік санаты бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының басшысы лауазымы бойынша аттестаттаудан өтіп куәлік алды (2020 ж.31.12. №735 бұйрық). Сонымен қатар ағымдағы жылы лауазымдары бойынша аттестациядан өтуге басшының ТІЖ жөніндегі орынбасары М.С.Нурмукашова I санатқа, ОІЖ жөніндегі орынбасары Н.А.Мамбетова, АТЖ жөніндегі орынбасары Н.М.Габдушев II санатқа өтуға өтініштерін берді. 13 педагог - қызметкер аттестаттаудан өтіп, біліктілік санаттарын растап шықты. Олар: педагог-шебер А.Т.Султанов; педагог-зерттеуші Н.Ж.Бактығалиева, Л.К.Досали, А.Ж.Мукатаева, Л.В.Савонина, Г.Р.Тагибергена, Ш.Г.Тасбулатова, Г.К.Уразова, А.А.Харисова, педагог-сарапшы А.К.Ақдаулетова, Ж.А.Давлетова, А.Т.Жаксыбаева, М.Е.Сатанғалиев (БҚО, білім басқармасының 2020ж. 31.12.№733 бұйрығы). Оқу жылының аяғында әлеуметтік педагог Ж.Е.Шпмшенова мен жатақхана тәрбиешісі Р.Г.Джакупова педагог-модератор санатына өтті (23.06.2021 № 100 бұйрық)

2020-2021 оқу жылында оқу үдерісі қашықтықтан болғандықтан колледж оқытушылары, өндірістік оқыту шеберлері мен студенттері қалалық, аймақтық, облыстық, республикалық, халықаралық байқауларға онлайн (ZOOM платформасында) қатысты.

11 қыркүйек күні БҚО білім беру дамыту орталығының ұйымдастыруымен онлайн «Кредиттік-модульдік технология бойынша оқу процесін ұйымдастыру және студенттердің оқу жетістіктерін бағалау» тақырыбында әдістемелік алаң өтті. Колледждан басшының

орынбасарлары Н.А.Мамбетова, А.Б.Батыргалиева, А.М.Гумарова және арнайы пән оқытушылары қатысты.

3 қараша күні **«Ұстаздық шыңы- Кәсіби шеберлік»** тақырыбында вебинар-практикум ұйымдастырылған болатын. Вебинарға колледждан аға шебер И.Г.Лукашова, өндірістік оқыту шеберлері және арнайы пән оқытушылары белсенді қатысып, өз іс-тәжірибелерімен бөлісті.

Білім басқармасының Білім беруді дамыту орталығының жұмыс жоспарына сәйкес 12 қараша күні **«Үш ИИИ. Инновация. Интеллект. Интеграция»** педагогикалық -әдістемелік жобасы аясында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының жаңартылған білім беру мазмұнына көшу шарттарына орай Орал қаласының М.Б.Ықсанов атындағы №36 жалпы орта білім беретін мектебінің тәрбиелік жұмыстарын жүргізу іс-тәжірибесімен бөлісі мақсатындағы вебинарға басшының ТІЖ орынбасары М.С.Нурмукашова, әлеуметтік педагог-Ж.Е.Шамшенова, педагог-психолог А.Н.Калиева және 1 курс топ жетекшілері қатысты.

2020 жылдың 9 желтоқсанда **«Қашықтан оқыту технологиясы үрдісінде студенттердің оқу жетістіктерін бағалау»** тақырыбында өткен вебинарға басшының ОІЖ орынбасары Н.А.Мамбетова қатысып, «Колледждегі қашықтықтан оқыған кезеңдегі студенттердің оқу жетістіктерін бағалау» тақырыбында баяндама жасады.

Ағымдағы оқу жылының 23-24 -28 желтоқсан аралығында **«Мамандықтар әлемі»** тақырыбында шеберлік сыныптар марафоны Zoom арқылы қашықтан оздырылған болатын. Шеберлік сыныптарға арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері қатысты.

Техникалық кәсіптік білім беру ұйымдарының математика пәні оқытушыларына арналған **«Облыстық математикалық олимпиадасына»** тематика пәні оқытушысы Н.Д.Бурковская қатысты.

Ағымдағы жылдың 8 қаңтарда **«Инженер-педагогтерге біліктілік санатын беру (растау) бағытында туындаған мәселелер»**, 20 қаңтарда **«Демонстрациялық емтихан – өндірістік процестерді модельдеу»** тақырыбында облыстық вебинарға басшының ӨОЖ орынбасары Д.С.Жиналеева, басшының ОӘЖ орынбасары А.Б.Батыргалиева мен әдіскер А.М.Гумарова қатысты.

2021 жылдың 22 қаңтарында **«Кәсіптік практика- мамандардың кәсіби дамуы»** тақырыбында өткен вебинарға басшының ӨОЖ орынбасары Д.С.Жиналеева, аға шебер И.Г.Лукашова, өндірістік оқыту шеберлері белсенді қатысты.

«PISA халықаралық зерттеуін өткізу аясында функционалдық сауаттылықты дамыту» тақырыбындағы вебинарға басшының ОІЖ орынбасары Н.А.Мамбетова, ОӘЖ орынбасары А.Б.Батыргалиева, ЖОББ пән оқытушылары Н.Д.Бурковская, М.А.Оразгалиева, Ж.Р.Муратова, А.Ғ.Мусағалиева, К.Х.Саханова, Ш.Г.Тасболатова, М.Б.Турежанова қатысты.

Колледж базасында жаңартылған бағдарлама бойынша тәжірибе алмасу мақсатында **«Үш.ИИИ. Инновация. Интеллект. Интеграция»** облыстық жобасы жүзеге асырылуда. Бұл жоба бойынша **«Сервис және жаңа технологиялар колледжі»** және Орал қаласындағы №5 жалпы орта білім

беретін мектебімен бірге колледж және мектеп педагогтері арасындағы тәжірибе алмасу бойынша семинарға жалпы білім беретін пәндердің оқытушылары М.А.Оразғалиева, Ж.О.Бапенова, Ж.Р.Муратова, А.Ғ.Мусәғалиева, А.Е.Сәлекеев, А.У.Кидришева, А.М.Гумарова белсенділікпен қатысып тәжірибе алмасты. Семинарда колледж психологы А.А.Мостовщикова психологиялық тренинг өткізді.

«Оқу мақсаттары мен сабақ мақсаттарының білім сапасына әсері» тақырыбында ағымдағы жылдың 27 қаңтарында оқыту вебинар өтті. Оқыту вебинарына ОӘЖ орынбасары А.Б.Батырғалиева мен әдіскер А.М.Гумарова қатысты.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары студенттерінің арасындағы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жастарды кәсіпкерлік ортаға бейімдеп, шығармашылық әлеуеті мен әлеуметтік белсенділігін арттыру мақсатында 26 ақпанда **«College startup» облыстық бизнес жоба** байқауы өткізілді. Байқау қорытындысы бойынша **«Ұлттық нақыштағы шебер»** аталымы бойынша «Тігін өндірісі мен киімдерді үлгілеу» мамандығының 2 курс № 5 топ студенті **К.Агафонова** дипломмен, жетекшілері Ж.Р.Муратова, О.Г.Егорова алғыс хатпен марапатталды.

«KompAs - 2021» техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары студенттерінің ІТ-жұмыстарының облыстық байқауына «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығының 1 курс № 6 топ студенттері Е.С.Адилбай және Г.Т.Макар жетекшілері М.А.Оразғалиева мен Ж.О.Бапенова, «Шаштараз өнері және сәндік косметика» мамандығының 1 курс № 33 топ студенті Т.Т.Коньсова, жетекшісі Н.М.Кунашев «Біз таңдаған мамандық» тақырыбымен «Web-дизайн және технологиялар» бағыты бойынша жұмыстарын жіберді.

«Әлеуметтік – гуманитарлық пәндерді оқытудағы жаңартылған білім беру мазмұны: ҚМЖ құрастыру ерекшеліктері» тақырыбында 25 ақпанда өткен вебинарға тарих, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі пәндерінің оқытушылары қатысты.

«Әлеуметтік желілердегі жұмыс» және «Әлеуметтік желі құру технологиясы» тақырыбында өткен Өркен Кенжебек- медиасарапшы, журналист пен Тимур Бектұр- ІТ аналитик және Digital Market, медиалектор, бизнес консультант, спикердің онлайн оқыту семинарына информатика пәні оқытушысы Ж.О.Бапенова қатысты.

«Мәңгілік ел ертеңі – дені сау ұрпақ» атты колледжаралық студенттердің ғылыми – практикалық конференциясына А.У.Жумашеваның жетекшілігімен «Шаштараз өнері және сәндік косметика» мамандығының студенті **А.Мухамедиева** «Салауатты өмір салты- халық болашағы», «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығының студенті **У.Крикунова** «Пандемия кезіндегі бос уақытты тиімді өткізу әдістері» тақырыбында, жетекшісі З.И.Бишаев қатысып, сертификат пен алғыс хатпен марапатталды.


Ағымдағы оқу жылдың қыркүйек айынан бастап ZOOM платформаларында онлайн оқытушылардың жұмысын ұйымдастыру», «Ашық сабақтардың құрылуы», «Бейнероликтерді құрастыру» және т.б. тақырыптарда вебинарлар, кеңестер, оқыту семинарлары өткізілді.

Қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілі бірлестігінің оқытушылары Н.А.Мамбетова және М.Б.Турежанова «Қазіргі заманғы инновациялық даму құралдары мен тетіктері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға, М.С.Нурмукашева «Рухани жаңғыру – ұлттың ұлы мұраты: Орал қаласының тарихи ескерткіштері» ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай онлайн облыстық танымдық-тәжірибелік конференцияға қатысып сертификат иеленді. Орыс тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы М.Б.Турежанова Осип Мендельштамның 130 жылдығына арналған «Қуанышқа алақанымнан ал» атты халықаралық байқауына «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығының студенті **С.Зайтов** ІІІ дәрежелі дипломмен, Г.Тоқайдың 135 жылдығына орай өткізілген халықаралық «Мәнерлеп оқуларынан» ІІ дәрежелі диплом «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығының студенті **А.Мажитова** «Рухани жаңғыру – ұлттың ұлы мұраты: Орал қаласының тарихи ескерткіштері» ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай онлайн облыстық танымдық-тәжірибелік конференцияға қатысып сертификатпен марапатталды. «Мұрагер» білім порталы ұйымдастырған республикалық қашықтан өткізілген «Мәнерлеп оқу» байқауына қатысқан «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығының студенті **У.Крикунова** мен **В.Мумжу** І дәрежелі дипломдармен марапатталды.

Батыс Қазақстан облыстық тілдерді дамыту басқармасы ұйымдастырған орыс тілі білгірлеріне арналған облыстық «Ой-сана» байқауына «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығының студенті **Р.Аминова** қатысып ІІІ дәрежелі дипломмен, жетекшісі С.К.Маметанова Алғыс хатпен марапатталды. «Мұрагер» білім порталы ұйымдастырған республикалық қашықтан өткізілген «Мәнерлеп оқу» байқауына да қатысқан «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығының студенттері **Матвеева К.** мен **К.Ненилкина** ІІ дәрежелі дипломдармен марапатталды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы Ш.Г.Тасболатованың жетекшілігімен І курс студенті **Г.Анесқали** «Рухани жаңғыру – ұлттың ұлы мұраты: Орал қаласының тарихи ескерткіштері» ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай онлайн облыстық танымдық-тәжірибелік конференцияға қатысып сертификатпен марапатталды. Ағылшын тілі оқытушысы А.Ақдаулетованың жетекшілігімен «Шаштаразөнері және сәндік косметика» мамандығының студенті **Б.Танатов** «Халықаралық «Үздік педагог» ұстаз-студент» пәндік олимпиадасына қатысып І дәрежелі дипломға ие болды.

Осыған орай 8 сәуір күні ҚР білім және ғылым министрлігі техникалық және кәсіптік білім беру департаментінің ұйымдастыруымен «**2021 жылы ТжКБ ұйымына қабылдау үшін ақпараттық науқанға дайындық**» тақырыбында республикалық веб-семинар өтті. БҒМ техникалық және кәсіптік білім беру департаментінің басшысы Б.У.Биекова «**Қазақстан Республикасындағы ТжКБ ұйымына қабылдаудың жаңа ережелері**», «Современное образование» журналының бас редакторы О.И.Шиленко «**Имидж ТиПО в Казахстане**», журналдың «Кәсіптік бағдар беру» бөлімінің жауапты редакторы Б.С.Байгуттинов «**Как эффективно провести онлайн день открытых дверей колледжа (советы по проведению профориентации онлайн)**» тақырыбында ақпараттық сұрақ-жауап пікір талас

талқыланды.Семинарға колледж басшысы,кәсіп бағдар беруге жауапты тұлғалар қатысты.



«Солтүстік Қазақстан кәсіби дайындық және сервис» колледжінің ұйымдастыруымен 14 сәуірде Zoom платформасында **«Кәсіптік білім беру жүйесіне инклюзия: тәжірибие мен болашағы»** атты халықаралық ғылыми-практикалық онлайн конференцияға Г.Л.Белова, Н.Н.Ермолаева, Ж.А.Давлетова, Г.С.Брашева, М.С.Избасованың баяндамалары конференция жинағына еніп, сертификат алды.

15 сәуір күні «»Үш ИИИ. «Үш.ИИИ. Инновация. Интеллект. Интеграция» педагогикалық-әдістемелік жобасы аясында техникалық кәсіптік білім беру ұйымдарының математика, физика, химия, биология, информатика пәндерінің оқытушыларына арналған **«Жаңартылған білім беру негізінде балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесінің енгізілу ерекшеліктері»** тақырыбында вебинары өтті. Вебинарға ЖББ пән оқытушылары қатысып тәжірибе алмасты.

Қазақстандағы Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының арасында ұйымдастырылған «Тәуелсіздік – бабалар аманаты» атты облыстық фестивалі аясында өткен **«Қазақ Елі – достық мекені» шығармалар байқауына «Қазақстан – страна дружбы и согласия»** тақырыбында орыс тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы С.К.Маметанова қатысты.

16 сәуір күні өткен Облыстық білім беруді дамыту орталығымен бірлескен **«Қазіргі білім беру мәселелері: теория және практика»** тақырыбында іс-тәжірибе тарату вебинары өтті. **«Тамақтандыруды ұйымдастыру», «Шаштараз өнері» және «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу., Туризм»** мамандықтары бойынша 3 бағыт бойынша жұмыс жасады. Колледждан 6 өндірістік оқыту шеберлері қатысып, өз іс-тәжірибиелерімен бөлісті. Олар:

1. З.Р.Жаленова - *«Приготовление французского пирога киш Лорен»*
2. А.А.Антонов - *«Мужская стрижка Бокс»*
3. А.З.Амангалиева - *«Ботекс»*
4. О.Р.Өтегенов - *«Мужская стрижка»*
5. Ж.А.Давлетова - *«Нанесение рисунка на ткань»*
6. Г.Р.Тагибергенова - *«Декорирование одежды»*

Облыстық Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пән оқытушылары арасындағы 23 сәуірде сырттай өтетін **«Үздік бейнесабак»** байқауына «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығынан өндірістік оқыту шебері З.Р.Жаленова, «Тігін

өндiрiсi және киiмдердi үлгiлеу» мамандығы арнайы пән оқытушысы Ж.А.Давлетова қатысты.

2020-2021 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сай **«Техникалық және кәсiптiк бiлiм беру жүйесiнде оқыту нәтижелерiн бағалаудың негiзгi компоненттерi»** атты 29 сәуiрде облыстық практикалық семинар өттi. Семинарға басшының орынбасарлары, әдiскерлер, педагогтар қатысты.

«Адамның үйлесiмдi дамуы ұлттық институты» КЕАҚ-ы 2021 жылдың 12 мамырында **«Өзiн -өзi тану» рухани-адамгершiлiк бiлiм беру бағдарламасының идеялары контекстiнде тұлғаны рухани-адамгершiлiк дамытудың дүниетанымдық аспектiлерi»** тақырыбында аймақтық онлайн – семинар өткiзiлдi. Семинарға өзiн-өзi тану пәни оқытушысы Л.Т.Куанышалиева қатысты.

20 мамырда Батыс Қазақстан облысы бiлiм басқармасы Бiлiм беру дамыту орталығының ұйымдастыруымен **«Бiлiм берудегi инновациялар және мобильдiлiк»** республикалық онлайн форумы өттi. Форумда колледж басшысы А.Б.Искалиева қатысып, пленарлық отырыста **«Бiлiм берудегi мобильдi технологиялар»** тақырыбында баяндама оқыды.

Орал қаласы физика-математика бағытындағы Назарбаев Интеллектуалды мектебi ағымдағы 24 мамыр күнi **«Safety First»** вебинар сериясының 1 сессиясы бойынша **«Бiлiм беру ұйымдарында қауiпсiз орта құру шаралары мен бағыттары. Локдаун»** тақырыбында вебинар ұйымдастырылды. Вебинарға басшы, басшының орынбасарлары, АӘД оқытушысы, қызметкерлер қатысты.


26 мамыр күнi «Жас маман» жобасы бойынша **«Шетелдiк серiктестер ұсынған бiлiм беру бағдарламалары негiзiнде жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзiрлеу»** сұрақтар негiзiнде семинар өттi.Семинар «Жас маман» бағдарламасы бойынша жұмысшы топ қатысты.

27-28 мамыр аралығында **«Техникалық және бiлiм беру ұйымдарының әдiстемелiк қызметiн дамыту: болмысы мен жаңа мүмкiндiктерi»** республикалық әдiстемелiк форум онлайн режимде өттi. Форумға басшының орынбасарлары қатысты.

Ағымдағы оқу жылындағы алған үлкен жетiстiктердiң бiрi **«Үздiк педагог»** атағын беруге арналған республикалық конкурсының облыстық кезеңiне қазақ тiлi мен әдебиетi пәни оқытушысы А.Т.Султанов және А.Ж.Мукатаева қатысты. Байқау қорытындысы бойына А.Ж.Мукатаева III орын иеленiп, республикалық байқауға жолдама алды.

Колледжде ПӘБ апталығы дәстүрлi тiлдер ПӘБ апталығынан басталды. Апталық 12 қазаннан -23 қазан аралығында өттi. 2020-2021 оқу жылында ПӘБ апталығы «Өлең қалсын ұрпаққа, өнер қалсын, ата мирас мәңгiлiк дүние боп» атты Ж.Молдағалиевтiң 100 жылдығына арналған тiлдер апталығынан басталды. Апталық ZOOM платформасымен ұйымдастырылды. А.Т.Султанов **«Жұбаным дешi Жайығым»** атты поэзия кешi жоғары дәрежеде өттi. Ш.Г.Тасбулатова **«Жыр қыраны – жұбан ақын»** атты конференция сабағын өткiздi. **«Қазақтың қайсар Жұбаны»** әдеби кеш қазақ,орыс, ағылшын тiлдерiнде А.К.Ақдаулетова, Л.К.Досали, Э.Ж.Салекеева ұйымдастырды. Апталық шеңберiнде тiлдер ПӘБ оқытушылары **«Әдебиет алыбы- Жұбан»**

атты мәнерлеп оқу байқауын, кітапхана қызметкерлері Ильясова А.Е. мен Куаншалиева Р.С. «Жыр қыраны- Жұбан» атты ReadX форматында оқырмандар конференциясын, жатақхана тұрғындары арасында тәрбиеші Р.Г.Джакупова «Жыл алыбы -Жұбан» мәнерлеп оқу байқауыларын өткізді. Кітапхана менгерушісі А.Е.Ильясова «Жұбан жыры мәңгілік» атты кітап көрмесімен аяқталды.



«Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығының апталығы «Мен- таңдаған мамандық» апталығы 21 желтоқсан мен 25 желтоқсан аралығында өтті. Апталықта 2 курс студенттерінің арасында «Аспаз болғым келеді» викторинасы – 9,11 топтар арасында өтті. Апталық аясында «Карвинг» ұлттық және кондитерлік өнімдер көрмесі өткізілді. Өндірістік оқыту шебері А.Е.Гумированың «Ет котлеті массасының тағамдарды дайындау» тақырыбында және арнайы пән оқытушысы Л.В.Савонинаның «Тағамды дайындау технологиясы» пәні бойынша «суп пюре» тақырында ашық сабақтары өтті.





«Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығының апталығы 15 ақпан мен 19 ақпан аралығында өтті. Апталық акт залында студент Е.Дудкинамен «Мой Казахстан» өлеңін мәнерлеп оқумен ашылды. Сән театрының көрсетілімі «ұлттық киімдер» жиынтығы көрсетілді. Сурет «Көктем-Жаз -2021» байқауы өтті. Апталық аясында «Тігін аксессуарларының тарихы» атты студенттік ғылыми тәжірибелік-конференциясы барысында студенттер дайындаған баяндамалар талданды, қорытындысында сертификаттар табысталды. Конференцияға мамандықтық студенттері белсене қатысты. Г.Р.Тагибергенова мен Н.Н.Ермолаева «Декорирование платья элементы World Skills» шеберлік класс өткізді. Арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері ашық сабақтар мен сыныптан тыс тәрбиелік шараларын берді.



«Шаштараз өнері және сәндік косметика» мамандығының апталығы 24 мамыр мен 28 мамыр аралығында «Шын шеберге шектеу жоқ» атты тақырыпта өтті. Апталық «Сән әлеміне шерумен» ашылды. «World Skills» арасында «Ботокс для волос» ашық чемпионаты ұйымдастырылды. Чемпионаттар қорытындысы бойында үздік шыққан студенттерге грамоталар табысталды. Г.М.Давлетова мен А.А.Антоновтың «Жасанды шаштан жасалған заманауи Винтаждық қалпақ», «Венециандық бетперде» шығармашылық шеберлік класы, көрме ұйымдастырылды. Б.Ж.Оспанова мен Р.Н.Галиеваның «Нәзік қол» шеберлік сағаты оздырылды. Апталық шығармашылық табыспен өтті.



Жаратылыстану – математикалық ПӘБ оқытушыларының апталығы 24 сәуір мен 30 сәуір аралығында «Жаратылыстану ғылымының құпиясы тұңғық, көзжетпейтін мұнарасы тым биік» атты ашылу салтанаты өтті. Оқытушылар М.А.Оразғалиева, Ж.О.Бапенова, Н.М.Кунашевтың жетекшілігімен «Физика» пәнінен «Мен қызықтырған әлем» студенттердің танымдық-практикалық конференциясы ұйымдастырылды. Конференцияға 3,27,33,6 топ студенттері қатысты. «Математика әлемі және логика» тақырыбында математика пәнінен викторина сайысы оздырылды. Сайысты ұйымдастырған математика пәні оқытушылары М.Б.Қыдырбаева, Н.Д.Бурковская. Химия пәні оқытушысы Ж.Р.Муратова «Қиын химияның қилы қызықтары» тәжірибе алаңында студенттер ұйымшылдықпен белсенділік танытты. Информатика пәні бойынша 1 курстар арасында «Колледжге виртуалды саяхат» жобалары қорғалды. География пәні оқытушысы Қ.Х.Саханова ұйымдастырған «Қызықты география» сайысына № 6 мен № 1 топ студенттері сайыста ұйымшылдық танытты. Биология пәні оқытушысы А.Ғ.Мусағалиева «Білгір биолог» сайын № 3 мен № 33 топ арасында өткізді. Апталықтың жабылуында апталыққа белсене қатысып сайыстарда үздік шыққандарға дипломдар мен алғыс хаттар табысталды.



Дене тәрбиесі ПӘБ апталығы «ҚР Тәуелсіздігіне 30 жыл» тақырыбында 31 мамыр мен 4 маусым аралығында өтті. Апталық спорттық шоу ритм, гимнастика, флешмобпен онлайн ұйымдастырылды. Дене тәрбиесі оқытушылары З.И.Бишаев, А.У.Жумашева «Жастар тәрбиесінде дене тәрбиесінің ролі» тақырыбында баяндама оқыды. Оқытушы М.К.Шаянова «Емдік массаж» тақырыбында шеберлік сынып ұйымдастырды. Медбике Г.С.Бикжанова «Спорт – денсаулық кепілі» тақырыбында ақпараттық кеңес өткізді. Ж.А. Джумагазиев «Колледждегі спорт үйірмесінің бірі-туризм» бойынша студенттермен бірігіп шеберлік сыныбын ұйымдастырды. А.М.Клышев «Жазғы демалыс кезінде суда жүзу ережесі мен тәртібі» тақырыбы бойынша ақпарат беріп, бейнеролик көрсетті. М.Е.Сатанғалиев

«Колледж студенттеріне алғашқы әскери дайындық сабағының ролі» тақырыбында тәрбиелік шара ұйымдастырды. Апталыққа студенттердің ұйымшылдығы өте төмен болды.



Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2021 жылғы 6 сәуірдеі № 10 қаулысының негізінде республикада төтенше жағдай жариялануына байланысты 1 курс студенттері қайтадан онлайн қашықтан оқытуға көшті.

Оффлайн және ZOOM платформасында инженер педагогтарға арналған оқыту семинарлары жоспарға сай өткізілді. Осы платформа арқылы ПӘБ 3 отырысы оздырылды. Инженер-педагогтарға бейнесабақтар, шаралар жүргізуге кеңестер берілді. «Компьютерлік сауаттылық» атты курс ұйымдастырылды. Колледждің инстаграм парақшалары мен колледж сайтында өткізілген шаралар уақытымен жүктеліп отырады. Ағымдағы оқу жылының қорытындысы бойынша мамыр айында Қазақстан Республика Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай колледж студенттері арасында «Үздіктердің үздігі - 2021» онлайн байқауы ұйымдастырылған болатын. Бұл байқауға 33 топтан колледждің белсенді үздік студенттері қатысты. Алдын ала байқау ережесі таныстырылып, жарияланды. Байқау қорытындысы бойынша Шадьярова Аружан - 2109, Торғай Жансая – 1520, Ғайнешева Акнур – 611, Шляпин Александр – 601, Ванюшина Татьяна - 248 дауыс үздіктер қатарына шықты. Колледж басшысы атынан алғыс хат пен сыйлықтар иеленді.

<p>«Үздіктердің үздігі - 2021» байқауының дауыс беру қорытындысы Результаты голосования конкурса «Лучший из лучших - 2021»</p> <p>Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай қолмақ студенттері арасында «Үздіктердің үздігі - 2021» онлайн байқауында үздіктер қатарынан таңдалғандар:</p> <p>К 30 - летно Независимости Республики Казахстан среди студентов колледжа на онлайн-конкурс «Лучший из лучших - 2021» былай пригласили лучшие студентке</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Шадьярова Аружан Тагауовна – 2109 дауыс 2. Торғай Жансая Аманжолқызы – 1520 дауыс 3. Ғайнешева Акнур Канатовна – 611 дауыс 4. Шляпин Александр Николаевич – 601 дауыс 5. Ванюшина Татьяна Юрьевна – 248 дауыс 	<p>«Үздіктердің үздігі - 2021» байқауының дауыс беру қорытындысы Результаты голосования конкурса «Лучший из лучших - 2021»</p> <p>Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай қолмақ студенттері арасында «Үздіктердің үздігі-2021» онлайн байқауына белсенде қатысқандар:</p> <p>За активное участие в онлайн-конкурсе «Лучший из лучших - 2021» среди студентов колледжа, посвященный 30-летию Независимости Республики Казахстан былай пригласили:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мажитова Арухан Габулхайратовна 2. Мүреке Виналетта Александровна 3. Агушев Юрий Александрович 	 <p>Таланттыңдығуды ұнамдылығың мөлшеріңе зәуір! 17 жас етпейтін Торғай Жансая Аманжолқызы</p> <p>Үстеміңе: «Қолда барды қайырым түсініп, уақытыңды бас өткізбеу»</p> <p>Топ старостасы және оқу оқыты. Мамандыққа деген қызығушылығы өте зор. Сабақтан тыс уақытта арнайы тәжірибе жинауға дайындалады жасасы көреді. Бұл шақта өз мамандығын жетілдіретін және қондырғылар тек аңғарысы келеді.</p>
--	--	--

2020-2021 оқу жылындағы халықаралық, республикалық, облыстық деңгейдегі басылымдарда іс-тәжірибесі жарияланған оқытушылардың үлесі 63% құрады. Мақалалар мен сабақ әдістемелері облыстық «Жайық ұстазы», «Пульс», «Орал өңірі» ақпараттық, танымдық және әдістемелік басылымдарда, «Білім шыңы – Ғылым сыры» республикалық педагогтар мен оқушыларға арналған ғылыми-әдістемелік, танымдық, мәдени-рухани журналында, «Ағарту» республикалық ғылыми-әдістемелік журналында, «Қазақ елінің үздік ұстазы» жинақ кітабында, «Соқпақ-тропинка»

республикалық ғылыми-әдістемелік журналында, «Білім айнасы» республикалық ғылыми-танымдық газеті, «Korilka urokov» ғаламтор жобасында, халықаралық және республикалық ғаламтор-порталдарында жарияланып, таратылды. «Білімді ел» -1 (07.06.2021ж А.Б.Искалиева), «Орал өңірі» -3 (Ж.А.Давлетова) «Мой город» -1 (Д.С.Жиналеева)



Кәсіби маман дайындау мақсатымыз

07.06.2021
Кәзіргі пандемиялық жағдайларға сай 2021-2022 оқу жылына техникалық және кәсіптік білім беру орындарына қабылдау тәртібі өзгеріске ұшырауда. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан жаңа оқу жылына талапкерлер қабылдау тәртібі, жұмысшы біліктіліктер мен орта буын мамандары, қолданбалы бакалавриаттар үшін де көптеген өзгерістер енгізіліп жатыр.



МОЙ ГОРОД



2020-2021 оқу жылындағы оқу-әдістемелік құрал жасақтаған оқытушылардың саны 5 (3 әдістемелік-оқу құралы, кешені) және құрады.

2020 жылдан бері жасақталған қосымша әдістемелік кешендер: Тілдер ПӘБ-8, Дене тәрбиесі ПӘБ – 2, «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» ПӘБ-12, «Тамақтандыруды ұйымдастыру» ПӘБ-6, «Шаштараз өнері және сәндік косметика» ПӘБ-8, Жаратылыстану-математикалық ПӘБ-5, Қоғамдық пәндер ПӘБ-3.

Әдістемелік жұмыстың негізгі мақсаттарының бірі жас мамандармен жұмыс. Осы бағытта көптеген істер атқарылып келеді. Колледжде әдістемелік кабинет жанында «Жас маман» мектебі жұмыс жасайды. Әр жас маманға тәлімгерлер бекітіп, жоспарлы шаралар ұйымдастырып, көмек көрсетіліп отырылады. 2020-2021 оқу жылындағы тәлімгерлер М.А.Оразғалиева, Г.К.Уразова, У.И.Кенжалиева, Ж.О.Бапенова, Н.М.Кунашев, А.Е.Салекеев, Ж.А.Джумагазиев, Р.Н.Галиева, Т.С.Комарова әдістемелік көмек көрсету мақсатында жас мамандардың сабақтарына қатысып, сабақтарын, шараларын талдап отырады. Колледж психологы А.А.Мостовщикова жас мамандарға «Қиын студенттермен жұмыс» тақырыбында шеберлік сыныпөткізді.

Ағымдағы жылдың 2 жарты жылдығынан ұжымда жаңа жоба TEDx - жаңа керемет және ерекше идеялар алаңы өз жұмысын бастады. Апта сайын әр түрлі тақырыпқа сай өткізілді. Бұл алаңда оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері өз ойларын айтып, колледждің болашақта дамуына өздерінің ұсыныстарымен, іс - тәжірбиелерімен бөлісті. Тікелей эфир болғандықтан, материалдар колледж сайтында уақытымен жүктеліп отырды. Бұл алаң жаңа оқу жылында да жалғасатын болады.



Мамыр – маусым айларында ағылшын тілі оқытушысы З.Е.Ахметова «Өзіңді өзгерт» семинар -тренигі өте жоғары дәреже,қызығушылықпен өтті.Тренинг келесі тақырыптарды қамтыды. 1.Эмоционалды интеллект және оны дамыту жолдары.

2. «Мен сені сүйемін өмір!» (Өзін-өзі бағалау, комплекстермен күрес, өкініштен арылу)
3. «Мен және ақша» қаржылай сауаттылықты дамыту.
4. Практикалық сабақ

Тренингке оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері көтеріңкі көңіл күймен қатысып, белсенді қатысты.



Ағымдағы оқу жылында 5 әдістемелік кеңес отырысы оздырылды. Отырыстар колледж даму бағыттарына, аттестаттау, оқу- тәрбие, әдістемелік кеңес сұрақтарына, оқу-әдістемелік кешендерін, құралдарын бекіту, ПЦҚ жетекшілерінің есептеріне, колледжішілік, облыстық семинарлар, студенттік ғылыми-практикалық конференциялар, ашық сабақтар, аттесттатау портфолио жасақтау барысына арналды.

Ұжымдағы ағымдағы оқу жылының қорытындысы бойынша зейнеткерлікке шыққан педагогтарды да, мерейлі жасқа толған өндіріс оқу шеберлерін колледж басшысы А.Б.Искалиева құттықтап, кәсіподақ атынан сыйлықтар табыстады. Олар: М.Б.Кыдырбаева, Н.К.Бисенғалиев, У.И.Кенжалиева, Т.С.Комарова.

Жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқытудағы елеулі табыстары үшін ағымдағы оқу жылында ұстаздар мерекесі қарсаңында колледж педагогтері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ведомстволық наградаларымен марапатталды: Олар:

- Г.Л.Белова - Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгі
- ҚР БЖҒМ Құрмет грамотасымен - 2 педагог
- БҚО Білім басқармасының Құрмет грамотасы -3 педагог
- БҚО Білім басқармасының Алғыс хатымен - 3 адам
- БҚО мұғалімдер кәсіподақтарының облыстық кеңесінің Құрмет грамотасымен –
5 қызметкер.
- Колледж басшысының алғыс хатымен – 5 қызметкер иеленді